

Conceptual categories of nature and a human in the works of M. Auezov and E. Hemingway

A. Aktanova¹, Sh. Aktanova²

¹Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Republic of Kazakhstan

²Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

The article deals with the issue of transferring the concept categories of nature and a human being in the works of M. Auezov and E. Hemingway. The paper analyzes macro- and micro-types of the concepts in the works of a two-grader writer. The research gives examples from the writer's works and analyzes their features. The research discusses the structural specifics of the concepts and their direct connection with the writer's "pearl". It is known that in works about nature and human relations, the influence of nature on a human and, consequently, the manifestation of human essence are often discovered. It was noted that the writers also raised the problem of spiritual ecology, conveying pictures of nature and contradictions in the human soul. The article includes the analysis of the macro-concept, the ways of forming a national worldview in the works of writers.

Keywords: Concept, macro concepts, micro concepts, spiritual ecology, picture of nature, human being, literary analysis, author's worldview.

Received: 19.06.2023

ӘӨЖ 82.09 (5К)

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp48-61](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp48-61)

Г.С.Бөкен

PhD., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-1522-0191>, [E-mail.ru asya_2309@mail.ru](mailto:asya_2309@mail.ru)

ЖАЛҒЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫН СИПАТТАУДАҒЫ ПОДТЕКСТІҢ РӨЛІ (АҚБЕРЕН ЕЛГЕЗЕК ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазақ әдебиетіндегі экзистенциализм бағытының даму үрдісіне шолу жасалады. Поэзия мен проза жанрындағы жалғыздық мәселесіне қатысты әдебиеті-ғалым Г.Пірәлиеваның ғылыми пікірлерімен үндес шетелдік психологтар Реана, У.Йенсеннің тұжырымдары сараланады. Психология ғылымындағы жалғыздық категориясының жіктелімін зерделей келе, ақын А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесіндегі автор жалғыздығы шығармадан нақты фрагменттер келтірілуі арқылы талданады. А.Елгезек өлеңдеріндегі жалғыздық категориясы «Мама», «Риторикалық сұрақтар», «Кәрі бала», «Сұрамасын», «Түнгі құлазу» өлеңдері негізінде қарастырылады.

Кілт сөздер: жалғыздық, экзистенциализм, автор тұлғасы, поэзия тілі, махаббат.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Поэзиядағы «жалғыздық» сарыны жанның жалғыздығынан туады. Ақын жалғыздығын арқау етіп, оны өлеңге қосады. Жалпы, қазақ поэзиясында бұл сарынды ұстанып, өлең жазған ақындар жетерлік. Олар Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Тұрсын Жұмаш, Ақберен Елгезек секілді тұлғалар.

Қазақ прозасы мен поэзиясындағы экзистенциализм ағымы жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасуы кезеңіндегі суреткер санасындағы эстетикалық дарашылдық, шығармашылық процесс арқылы өзінің рухани және эстетикалық күш-қуатының мүмкіншілігін барынша жариялаған кезең болды.

КІРІСПЕ

Әдебиетші, ф.ғ.д.М.Оразбек: «Экзистенциализм – қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басында өрбиді. Себебі қазақ қоғамындағы өзгерістер, экзистенциялық дағдарыс, рухани құлдырау мәдениет пен әдебиетте экзистенцияның дамуына алып келді»[1,207], – деген пікір келтірсе, «*жалғыздық*» сарыны туралы әдебиетші Г.Пірәлиева: «Жалғыздық қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл адамның ішкі табиғатынан, болмы-бітімінен сыр берер, оның харекетін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені адам жалғыз қалғанда ғана ішкі ой еркіндігіне бой алдырады. Жалғыздық – адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестету, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау, тағы басқа толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді, сан алуан түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешетін кезең»[2,10], – дейді.

Ғылым тілінде *жалғыздық сарынын экзистенциализм* деп атайды. Экзистенциялық бағыт – адамзат ақыл-ойының адамды танудағы, оны жан-жақты барлаудағы логикалық бір белесі [3,53].

Ақберен ақын өз ішкі сезімдерін өлеңінде ашуы оның поэзияны лирика жанрында жазғанын көрсетеді. Лирика туралы ғалым Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Лирика – әдебиетте Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тектің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың бірі», – деген анықтама береді. Осы айтылғаннан-ақ, лириканың құдіретін сезінуге болады. Лириканың құдіреті туралы жазушы Ә.Тәжібаев «Өмір және поэзия» еңбегінде В.Белинскийдің сөзін келтіреді: «Лирика ол құбылысты өзі игеріп, өз ойына қабылдап қана қоймай, сол құбылыс пен қақтығысудан туған түйсік түрінде жан сырына айналдырады. Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді, оларды тар кеуденің қыспағынан көркемдік өмірдің таза самалына алып шығады да, ерекше өмір сүргізеді». Лириканың ерекшелігі де сонда ол өлеңге тыныс береді. Лириканың бас қаһарманы да – ақынның өзі. Себебі, ақын басқаның емес, өз ішкі жан-дүниесіндегі сезімдерді сыртқа шығарады және өз толғаныстары туралы ғана жырлайды деуге болады. Адамның сезімі бар жердің барлығында дерлік лирика бар» [4,311]. Жоғарыда атап өткендей, лириканы психологиялық шығарма дедік, ендеше жалғыздық ұғымын психология тұрғысынан қарастырып көрейік:

Әр ақын өзінше бір психолог бола білуі керек. Себебі, өлеңді оқырман көңіліне толғандырып, тебіrentетіндей жеткізу, оқырман жүрегіне өлең арқылы әсер ете алу соны талап етеді. Психологияда жалғыздыққа берілетін анықтама мынадай: «Жалғыздық – бұл адамның ерекше эмоционалды жағдайы, онда ол өзінің пайдасыздығын сезінеді және өзін сезбейді. Жалғыз адам басқа адамдармен қарым-қатынастың жоқтығынан өзін-өзі сезінуді жоғалтады, ол жеке тұлға ретінде жоқ бос орынға айналады». Жалғыздық қайдан пайда болады? Жалғыздық адам бойында басқа адамдардан толық көңіл бөлуді сезінбеген кезде, адамдардан оң эмоциональды байланыс жағдайын сезінбеген немесе оларды жоғалтудан қорыққан кезде пайда болады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Белгілі психолог Реана «Психология человека от рождения до смерти» еңбегінде жалғыздыққа мынадай анықтама берген: «Жалғыздық-бұл адамның өмірін бөлісетін және оған қамқорлық жасайтын адам болмаған кездегі жағдайы» [5,14].

Дәл осы «жалғыздық» сарыны біздің зерттеу субъектіміз – Ақберен Елгезек шығармашылығында да кездеседі.

Жалпы алғанда, психология ғылымында «жалғыздық» түсінігінің ішкі жіктелім түрлері бар. Олар:

1. *Психологиялық жалғыздық* – адам адамдармен байланыс болмаған кезде немесе қарым-қатынас болған кезде сезінеді, бірақ нақты жақындық бұл жерде орын алмайды.

Жалғыздықты сезінген адам өзін қажетсіз, жақындары бас тартқан, қабылдамайтындай сезінеді. Психологиялық жалғыздық қарым-қатынаста адам өзін түсінбейтін кезде де сезілуі мүмкін. «Олар мені түсінбейді», «Олар мені естімейді» сынды сөздерді жалғыздықты бастан кешіріп жатқан адамдардан естуге болады.

2. *Физикалық жалғыздықты* адам физикалық кеңістікте жалғыз болған кезде сезінеді. Физикалық жалғыздық міндетті түрде психологиялық тұрғыдан сезілмейді, өйткені сіз жалғыз бола аласыз, бірақ өзіңізді жалғыз сезінбейсіз.

3. *Мәдени жалғыздық* – бұл жалғыздықты адам туған жерінен жырақта болғанда немесе мәдениетті, салауатты өмір салтынан айырылғанда сезінеді.

4. *Субъективті жалғыздық* – бұл адамның өзін қаншалықты жалғыз сезінетінін көрсететін ішкі жалғыздық.

5. *Қажетті жалғыздық* – бұл оқшаулану уақыты, яғни қарым-қатынастың көптігін қажет етпейтін адамдарға керек.

6. *Жеке адамның (өзінен) жалғыздығы*, егер адам өзіне көңілі толмаса, өз қиындықтарынан қашса немесе өзіне сенбесе, өз қалауын жоққа шығарса пайда болады.

7. *Тұлғааралық жалғыздық* – адам басқа адамдармен қарым-қатынастан қашқан кезде пайда болады, бұл жеке ерекшеліктерге, жақын қарым-қатынастарды қалыптастыруға қабілетсіздігіне немесе, мысалы, адамның өміріне әсер ететін бұрынғы қарым-қатынастардың жағымсыз тәжірибесіне байланысты болып келеді.

8. *Экзистенциалды жалғыздық* (өмірден) адам жиі қашып кетуге тырысатын сағыныш пен қайғы-қасіреттің тәжірибесімен сипатталады. Бұл жағдайды адамдар (отбасы, достары) қоршап тұрса да, олар ешқашан оған толық түсінік пен шексіз, тұрақты махаббат бере алмайтындығын түсінген кезде әр адам бастан кешіреді. Туыстары өмірден кеткенде адам бұл қайғының орны толмайтынын түсінеді. Ешқандай адам табиғаттың заңына қарсы шыға алмайды [6]. Әрбір адам жақыны өмірден өткенде жалғыздықты сезінеді, сондықтан экзистенциалды жалғыздықты сезіну фактісі сөзсіз іске асады.

Бала өмірге жалғыздық сезімін сезінбей келеді, яғни жалғыздық адаммен бірге дүниеге келмейді. Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, жалғыздық көп жағдайда бала кезде немесе өтпелі кезеңде пайда болады. Бұл туралы Роберт С.Вейс «Жалғыздық жасың үлкейгенде емес, балалық шақта және өтпелі кезеңде көп кездесетіні айдан анық дүние», – дейді. Барлық зерттеушілер жасөспірімдік кезеңді сана-сезімнің қалыптасу кезеңі дейді және дәл осы уақытта жалғыздықпен қақтығысады.

Сана-сезімнің пайда болуы – жасөспірімнің сыртқы келбетіндегі белгілі бір өзгерістер туралы хабардар болуының нәтижесі және соның салдарынан өзіне деген қызығушылықтың пайда болуы. Физикалық және психикалық көріністің жедел дисгармониясы қоршаған әлеммен байланысып, қызықсыз және жанжалды болып көрінеді. Жасөспірім өзін қоршаған адамдарды тез таниды және оңай көңілі қалады [7, 47].

Адам үшін маңызды үш кезең бар:

❖ *Тұлғааралық қарым-қатынас деңгейі* – бұл кезеңде жақын адамының жылулығы мен махаббатын сезіну өте қажет. Бұл кезеңде адам өз жанын түсінетін біреуді іздейді.

❖ *Көпшілікпен қарым-қатынас кезеңі* – адамдар арасында мақтау сөз бен қошеметке бөленсе жалғыздықтан құтылады.

❖ *Мәдени және тарихи маңыздылық деңгейі* – барлық қоғам жағдайында, әлеуметтік деңгейде белсенді болғанда осы деңгей орындалады.

Жасөспірім жаста бірінші және екінші жағдай таныс болып келеді.

Жалғыздық мағынасының үш түрі бар: созылмалы, ситуациялық және өтпелі.

1. *Созылмалы жалғыздық* – адамның өмірінде жақын адамымен дұрыс қарым-қатынас орната алмауы.

2. *Ситуациялық жалғыздық* – адам өмірінде қайғылы жағдай орын алғанда болады, мысалы жақын адамының дүниеден өтуі немесе жақын адамдарымен қарым-қатынасты тоқтатқанда, ажырасқанда. Уақыт өткеннен бұндай адамдар жалғыздықты жеңуі мүмкін.

3. *Өтпелі жалғыздық* – қысқа уақыт аралығында болатын жалғыздық, адам тыныштық қалпына тез оралады және кейін көңіл күйіне ешқандай әсер бермейді [7, 59].

НӘТИЖЕЛЕР

Ақын Ақберен Елгезек өлеңдерінің сарыны неге «жалғыздық» құралғанын зерделесек. Бұл сұрақтың жауабын ақынның «Болмаған балалық шақ» повесін оқығанда таптық. Ақын балалық шағында әкесі мен ағасынан айырылған. Кейін анасы тұрмысқа шығып, әкенің орнын өгей әкесі басқан. «Сол күн – менің балалық шағымның тәтті дәурені таусылған күн еді», – дейді автор. Ақынның сол күн деп тұрғаны өгей әкесінің үйіне барған күн. Ақын ол кезде алты жаста болған. Яғни, алты жасында ол балалығымен қоштасқан. Өгей әкесінен көп қорлық көрген ақын бастан кешкен оқиғаларының ішінен біреуіне көңіл аударайық: «*Қыс кезі. Құдай атқан бір түні, Қалаң араққа сылқия тойып кеп, ауыз үйге кіре-міре құлады. Шешем мен қара кемпір хал үстінде жатқан нағашы апамның үйіне кеткен. Мені қолымнан жетектеп залға әкелді де, орындыққа отырғызды. Сосын жақындап келді де, белбеуін шешіп, қолдарымды орындықтың арқасына байлай бастады. Қалаң қиқалақтап барып, қабырғадағы серванттың есігін ашты. Мал соятын бірнеше сояудай-сояудай қанжарларының ішінен біреуін алып шықты. Қалаң маған дәріс оқи бастады.*

–*Ей, жетімек! Мен мына пышақты не үшін сатып алды деп ойлайсың?*

–*Мал сою үшін, ағатай!*

–*Жоқ, мен сені сою үшін сатып алғам мұны! Хахаххаха!*

Жан тәтті, қолымды бостатып ап, атып тұрдым. Қалаң да тұра ұмтылды. Орындықты көтере-мөтере басынан салып қалдым. Қалаң бар денесімен еденге құлады. Есім шыққаны соншалық, есікке қарай жүгіргеннің орнына терезеден бір-ақ қарғымды. Далада қыс» [8,14]. Ақын өгей әкесінен осындай жауыздықтар көріп, жеті жыл сол шаңырақта тұрған. Кейін әкесінің туыстары келіп, оны өз туған жеріне, яғни Алматыға алып кеткен. Осы сәтте ақын ана мейірімінен де айырылған еді. Бірақ ақын анасын көп күтті. Келеді деп сенді. Ақан анасына деген өкпесінің өршей бастаған кезін өзі былай деп жеткізген: «*Әдеттегідей, қойдан кеш келіп, үйге кірдім. Босағада біздің үйдің емес, басқа бөтен әйелдің аяқ-киімі тұр. Сағыныштан сарғайып жүрген санамда «Мама!» – деген сөз найзағайдай жарқ ете қалып, көз алдыма мейірімді шешемнің бейнесін әкеле қалды. Ентіге үйге кірдім. Шешемді көрмегелі аттай үш жыл өтті. Сол! Келді! Сағынған екен зой! Шешемді жек көре бастаған өзімді кінәлап, мені іздемейтін несі деп кінәлап жүрген әй, менде ақымақпын зой деп қоям! Мен оған керекпін!*

–*Урәә, мамам келді! – деп әлгі шай ішіп отырған кісіні құшақтап кеттім.*

–*Бісмілла, ойбай, мынасы кім! Жібер, ойбай! – деп шешем басқа біреу деп ойлап қалған болуы керек, менің қолымды қайырып жатыр.*

–*Ақош, жібер, ойбай, ұят болады. Басыңнан күн өткеннен сау ма? – деп жеңгем маған айқай салды.*

Мен осы кезде ғана көзімді аштым. Жүрегім дір етіп, тоқтап қалды. Бірнеше секундқа. Сөйтсем, әлгі әйел менің шешем емес, көрші ауылда тұратын біздің құдағиымыз. Сүріне-қабына сыртқа атыпшығып кеттім. Адамдардан, мына ауылдан, жеңгемнен, ана сары қарын құдағиымыздан, өмірден, өзімнен бәрінен безініп ақырып жылап келем. Қанша қорлық көрсем де, қайтпай, қайсарланып тұрушы едім. Бұл менің адам құсап алғашқы шер тарқатып жылаған күнім еді. Мен он алты жастағы ат жалын тартып мінетін жігітпін. Ұялғам жоқ. Өйткені жыламасам жүрегімнен ұят. Осы оқиғадан кейін, мен анамды күтуді доғардым. Ал, жүрегім сағынуды қоя алмады» [8,56]. Осыны оқып отырған әр адам ақынның ішкі сезімдеріне кіріп, аяушылық сезімі туындайтыны өтірік емес.

Ақынның өзі айтып берген осындай оқиғаларына сүйене отырып, біз психологиялық тұжырымдардың дұрыс екеніне көз жеткіземіз. Ақын жалғыздығы балалық шағында басталып, жасөспірім кезеңінде жалғасқан. Ақберен жалғыздығы ситуациялық жағдайдан басталған. Яғни, жақын адамынан айырылып, кейін өзін қоршаған адамдардан қатыгездік көруі, ата-ана

махаббатын сезінбеуі, анасынан жырақта ер жетуі ақын психологиясына кері әсерін берген. Көп ғалымдардың пікірі бойынша, өтпелі кезеңде жалғыздықты сезіну табиғи нәрсе. Бірақ, бұл жағдайда ақын жанына заңдылық емес, тағдыры әсер еткен. Ақын дәл осы шағында ата-ана қамқорлығының жоқтығынан көп балалардан ерекшеленген және айналасын қоршаған адамдар бар болса да, олардан қажетті мейірімділік пен жылулықты сезіне алмаған. Ал мейірім мен жылулықтың болмауы бұл кезеңде бала психологиясына өте қатты әсер етеді. Бұл сөзімізге тұлғааралық қарым-қатынас деңгейі дәлел бола алады. Яғни, ситуациялық жағдайдан бастау алған жалғыздықты әрі қарай тұлғааралық қатынастың жоқтығы ушықтырған. Дәл сол кезеңде ақынның жанында оның ішкі жан-дүниесіне үңіліп, түсінуге тырысатын адам болмаған.

Ақын табиғатынан өз-өзін әділ түрде бағаламайтынын аңғардық. Бұл жайдың орын алуын ақын өлеңдерінен де, берген сұқбаттарынан да көре аламыз. Ақберен Елгезек өзін белгілі ақын деп санамайды, ал бұл біз айтып отырғандай өз-өзін бағалаудың төмендігі. Осы жағдайдың екінші тұсы да бар. Зерттеушілер көрсеткендей жалғыздық пен өз-өзін бағалау қасиетінің төмендігі әсерінен, адам басқаларға үнемі өзін мойындатқысы келіп тұрады және өзін мақтағанын күтеді. Ақынның мұндай іс-әрекетін «Асыл арна» телеарнасындағы, «Емен жарқын» бағдарламасында берген сұқбатында байқаймыз:

– Сіз мемлекеттік қызметте біршама жыл жұмыс жасадыңыз. Сіз неліктен депутат болдыңыз?

– Мені адамдар байқағанын қаладым. Басқалардың мені мойындағанын өз ауыздарынан естігім келді.

Тағы бір сұхбатында ақынның айтқан сөзіне мән берейік: «Әдебиет менің ішкі әлеміме өте жақын, туыс бір ғалам болатын. Жоқшылық пен жетімдіктің біраз тауқыметін көрген соң ба, «осы иттің баласы адам болса, мұрнымызды кесіп береміз!», – деген сөздерге тойғандықтан ба, мен алдыма «болашақта қайткен күнде де бір биікке өрмелеп шығуым керек» деп максат қойдым».

Мұны психология ғылымы қалай түсіндіретініне көз жүгіртейік:

Бұл туралы Американың атақты әлеуметтік психологтары Энн Пепло мен Дэниел Перлман зерттеуінде сөз қозғалған. Олар жалғыздық пен өзін-өзі бағалау қасиетінің арасындағы байланысты эксперименталды түрде дәлелдейді. «Өзін-өзі бағалау – адамның өзін бағалау қасиеті. Жалғыздықты сезінген адам өзін басқа адамдар қалай бағалайтыны мен қабылдайтынына үнемі алаңдаулы болады. Ондай адамдарды көбіне басқа адамдармен қарым-қатынасы мен жаңа таныстық мәселесі толғандырады. Өз-өзін бағалаудың төмендеуі көбіне адамдардың оған деген көзқарасы мен әрекетінің нәтижесінде туады. Өзін-өзі бағалаудың төмендігі мен жалғыздықтың арасындағы байланыс екі жолмен түсіндіріледі Біріншіден, өзін-өзі бағалаудың төмендігі адамның ішкі өзін-өзі басқаруының істен шығаруына әкеледі; екіншіден, өзін-өзі бағалаудың төмендігі мінез-құлық тенденцияларына өз әсерін беріп, басқа адамдармен араласуға шектеу жасайды» [9, 76]. Ақын балалық шағындағы оған деген айтылған сөздер мен істелген істердің ойында ерекше қалу себебінен, өз-өзін дұрыс бағалай алмайды.

Дәл осы жерді біз психологиядағы ғалымдар тұжырымының дұрыс екендігіне көз жеткіземіз. Ол осы өз жан-дүниесіндегі ішкі сезімдерін оқырманға өлеңдері арқылы жеткізеді.

✓ *Ақын жырлаған өлеңдерге өз бағасын бергендер кімдер?*

✓ *Ең алдымен, ақын туралы айтылған оң пікірлерге тоқталайық.*

Мейіргүл Оңғарова Ақберен Елгезектің өлең жазу шеберлігіне былайша баға берген: «Меніңше ақын қаламсабын қолына ұстап отырып, қағазға шимай салмайды. Ол өленді рухымен жазады. Еркін сілтейді. Қиял қайда тартса көкірегінен ұшып шыққан ақын-рух та солай самғайды. Тәнге тәуелді емес шексіз рух оны шексіздікке жетелейді. Солай талпынады «Көз жасымның бір тамшысын қалдырдым, жалғыздықтың атындағы көшеге». Жалғыздық дейтін көшеге жалғыз тамшы көз жасын ғана қиған ақынның болмысы міне, осылай. Сол жалғыз тамшыдан өзге әлемі ту биіке, ғарышқа шексіздікке тәуелді». Өз пікірінде біз талдап отырған жалғыздық туралы сөз еткен тілші ақынның жалғыздықтан басқасының бәріне тәуелді екенін айтады.

Ақын Ерлан Жүніс: «Ақбереннің бір ерекшелігі, бұл өлеңге өз өмірін салған жоқ, өз ішіндегі поэзияның тақырыптарына барды, бірден қабылданған жоқ кезінде, сөз қолданысы да қызық көрінді, ойлау жүйесі де қызық көрінді. Мен ойлайтынмын, ақын өмірін өлеңге салу керек қой деп, ең кем дегенде балалық шағы жайлы жазу керек қой деп, бірақ Ақберен өзге жолды тандап, «Болмаған балалық шақ» деген прозалық шығарма жазды. Өзінің балалық шағы туралы айтуы керек болған нәрсенің барлығын сол шығармада айтты бірақ поэзияға алып келген жоқ. Поэзияға өзінің тақырыптарымен келді» деген пікір айтады.

Ақын Қайсар Қауымбек те қаламгер өлеңінің құдіреті туралы сөз қозғайды. Ол: «Ақберенді бей-жай күбірмен емес, шын беріліп оқу керек. Сонда ғана өз әлеміне, жылымына бірте-бірте тартып, келесі шумақтан келесі өлеңге өтіп отырғаныңды сезбей де қаласың» деген пікір білдіреді. Яғни, ақын Ақберен өлеңдерінің тереңіне бойлау үшін, ақын әлеміне ену үшін мән беріп оқу керектігін айтқысы келеді. Расында да, өлең өрнегін ерекше қылып өретін ақын өлеңін қалай тез оқып қойғаныңды аңғармай қаласың.

Ақын бағыты туралы сөз қозғаған Т.Молдабаева ақынға мынадай баға берген: «Постмодернистік бағытта біраз ізденіп, шығарманың ішкі көркемдік тұтастығын тудырып, ішкі үндестігінен өлең жырлайтын ақын».

Ақын туралы сыни пікір айтқандар да болмаған емес. Мысалы, ақын Айболатұлы Батырболат: «Жұрт көп мақтаған Ақберен Елгезек шынында да мықты ақын болуы мүмкін, бірақ менің ақыным емес. Бәрі дұрыс сияқты, бірақ өлең оқығандай емес, интеллектуалдық красворд шешкендей болам. Жасанды, жансыз, жалынсыз, жалықтырады. Бірақ, оның көп ізденетіні, табандылығы, белсенділігі көп жастарға үлгі боларлықтай», - деп өзінше топшылаған. Бұл пікірдің туындау себебі, ақын өлеңін бір оқығанда түсіне қоймауына байланысты деп ойлаймын. Бірақ, менің ойымша ақын өлеңін толық түсініп, оның жүрегінен шыққан өлең шумақтарын жете түсіну үшін, ең алдымен әр оқырманға ақынның «Болмаған балалық шақ» повесін оқуға кеңес берер едім.

Мырзан Кенжебай «Ақ желкен» журналының «Сын шын болса...» атты сауалнамада ақын өлеңі туралы:

«Ақберен Елгезектің бір кездегі:
«Әкем-Тәңір, өзің – Ұмайсың, мама,
Ал, мен Құдайдың баласымын» – деген өлең жолдарынан-ақ

шошығам.

Ақберен Елгезек әр жерде өлеңдерін жарнамалаумен-ақ қадірін кетіріп жүр. Талантты адам жарнамаға, жариялыққа ұмтылмаса керек-ті. Ақбереннің поэзиясының қасіреті – жалған ойшылдық, жалған уайым, өтірік қайғы. Ақбереннің тағы бір қасіреті – білімді болып, ойшыл болып көрінгісі келеді. Ол сондықтан «Реквием-көңіл», «Фантасмагория», «Эйфория», «Неврастения», «Медитация» деген өлеңдер жазады», – деген сын айтады [10, 34].

Ақын Аманхан Әлімұлы Ақберен өлеңдерін қатты сынағандардың бірі де бірегейі. Ол ақын туралы: «Ақберен Елгезек деген жігіттің жазғанын оқысаңыз таң қаласыз. Ол:

«Мен сені Тәңірден сұрадым, мама,
Осы арудың құрсағына бітемін деп.
Бар болмысым өзіңнен дарыған, мама,
Сен ғарышты туғаныңа өкінбе тек.
Әкем –Тәңір, өзің –Ұмайсың, мама,
Ал, мен – Құдайдың баласымын.

Тұрған кезде елжіреп,
Аңқыған адал аузыңнан

Аңқ етіп ұшар көбелек», – деп мағынасыз, мәнсіз абстракциялық сөз бен сөйлемдердің «кереметтігін» көрсеткенді былай қойғанда, Кеңес Одағынан қалған атеизмнің озық үлгісін танытады. Оның өлеңдері сана-сезімдегі поэтикалық-поэзиялық хаос және логикалық қарама-қайшылық пен жүйесіздік, шашыраңқы да сусыма сынаптай сырғыған абстракциялық, тұманды, кешіріңіздер, ыстығы көтерілген сәби сандырағындай [15, 618].

Ақын ол шабыттың үстінде отырғанда әлемді алдына алып, дүниені өзі әлдилеп, найзағайды өзінің қолымен қағып, бұлтты алақанымен ысырып, жердің шарын тап тақыл қылып жұлдыздардың орнын ауыстырса да өлеңді жарқырату деген мәселелер ақынның өзінің қолында келетін дүние. Ақын шабытты кезінде құдіретті күшке ие.

Жалпы, ақын туралы пікірлер легі осындай. Әлбетте, сынның болуы орынды. Бірақ, барлық ақындар жаратылысы сол, олар өмірін-өлеңге айналдырып жырлайды. Сондықтан, әр ақын өз көңіліндегісін өлеңге қосуға құқылы деген пікірдемін.

ТАЛҚЫЛАУ

Ақберен Елгезектің «жалғыздық» туралы өлеңдерін екіге бөлуге болады:

- ✓ Біріншісі – нақты жалғыздыққа арналған өлеңдері;
- ✓ Екіншісі – сол жалғыздықтың шипасын махаббаттан іздеген, яғни өзінің жан жары Дина Елгезекке арналған өлеңдері.

«Жалғыздық» ұғымын жоғарыда кеңінен талқылаған едік, енді өлеңдерін талдайық. Ең алдымен «Мама» өлеңінде ақын өз жалғыздығын қалай сипаттағанын көрейік:

Мен мына өмірді ұната алмаймын,мама,
Қабырғама бар мұңы батады кеп.
Мен өмірді сонда да сүйіпін,мама,
Сыздайды тек іште, жарам ғана.

Қазақ қабырғасы қайысқан деп қайғыға ұшыраған адамды айтады. Бұл тіркес психикалық жай-күйді білдіретін тұрақты тіркес болып табылады. Ақын өз өлең жолында бар қайғысы мен мұңы қабырғасын қайыстырғанын жеткізуде. Жетімдік зардабын тартып, мейірім көрмегендіктен іштегі жай-күйі мына өмірді бар болмысымен сүйдіруге үнемі кедергі жасап тұратындай.

Әйтпесе, білсең ғой жаным, мама,
Ішім менің – шексіз әлем.
Біздің тағдыр-азап жолы ғой,мама,
Әйтеуір тілегім ақ.

Ішкі жан-дүниесіндегі жалғыздықты шексіз әлем дейді. Себебі, 1 ай өтсе де, 10 жыл мейлі, 100 жыл өтсе де жан жарасы жазылмайтынын, орны толмайтынын білгендіктен, шексіздікке теңеген. Өз тағдырындағы қиыншылықтарын азап жолы деп атап, анасына жамандық тілемейтінін жеткізіп отыр.

Әкем –Тәңір, өзің – Ұмайсың,мама,
Ал,мен – Құдайдың баласымын[11, 134].

Сендер мені дүниеге әкелдіңдер, бірақ мен – Құдайдың баласымын, – дейді. Жалпы, қазақы таным қалыптастырған біздің түсінігіміз бойынша, Құдайдың баласы деген – жетімді жетім деуге қимағандықтан шыққан сөз. Ақын өзін Құдайдың баласы атауының себебі-мейірімді, қорғаныш пен сенім, түсінік пен махаббатты бейсаналы түрде Құдайдан күткені мен шексіз сенімі үшін және жанындағы адамдарға қарағанда Құдайына жақын болғандықтан айтқан.

Сондай-ақ, «Риторикалық сұрақтар» өлеңінен де бала көңіліндегі жалғыздық пен айықпас дерттің желі еседі.

Анау ару– Анам ба, теріс қарап,
Кімді қысып барады құшағында?

Ақын жалғыздығы мүмкін әкесінің дүниеден өткенінен басталған болар, бірақ ақын нағыз жалғыздықты анасынан жырақта өскенде сезінді. Осы өлең жолдары арқылы анасының баласын жалғыздыққа қалдырып, әйел бақытын таңдағаны үшін жазғырғанын байқаймыз.

Анау бала – өзім бе- жаутаңкөзді,
Жылылықты сезбеген өмірінде?...
Дәуренімді өшірген алақайлы,
Талай сұмдық көрсем де талапайлы,

Мен әлемді кешірем.

Бірақ қалай,

Жұбатамын іштегі балақайды?...[12, 33].

Басқалардан мейірім мен махаббат іздеген ақын көңілі сол бір жылылықты ешкімнен сезбегенін, балалығында тек жалғыздық сезімін ғана бастан кешіргенін айтады. Балалық шағын өшірген сол бір жетімдікті, өз көрген қиыншылығын барлығын ұмыта алатынын, бірақ, кеудесіндегі жүрек деген түймені қалай жұбатырын білмей дел-сал болған ақын өлеңін бағаламау мүмкін емес.

«Көше» өлеңінде де ақын жалғыздық туралы жырлайды. Өзін сол көшедегі бір қайыңға теңейді.

Түкпірінен мынау туған көшенің,
Жалғыздығым қолым бұлғап тұратын.
Бұл көшеде қурап қалған бір қайың,
Жалғыздықпен сырласатын күн сайын

Өмірінде жан жалғыздығын ұмыттай, әрдайым соны ойлап жүретіндігін жеткізген. Өзін қайыңға теңей отырып, махаббат пен мейірім көрмей, тек жалғыздықты ғана сезінгенін сырласу деп келтіреді.

Көз жасымның бір тамшысын қалдырдым,
Жалғыздықтың атындағы көшеге [12, 81].

Өмірде әр түрлі сезімдер бар, соның ішінде жалғыздықты көбірек сезініп, үнемі көз жасын төгіп қиналған ақын осы жолы бұл көшеге тек бір тамшы ғана көз жасын қияды.

Біз жоғарыда атап өткендей ақынға анасының ісі қатты әсер еткен. Осындай бір шақтарында анасына арнап «Серт» өлеңін жазған. Ол өлеңде ақын анасына деген сағыну мен аңсау сезімін жеткізіп, жүрегінің мұздап бара жатқанын, ана махаббатына зар болғанын жырлайды. Осы өмірде өз сұрағына жауап ала алмаған ақын, келесі өмірде сұрағына жауап алатынына серт берген.

...Сен мені аңсамадың, іздемедің.
Айналды ғой көңілім күзге менің...
Мен сонда да үзбеймін күдерімді,
Біле тұра, қайғырып бітерімді,
Бұ Дүниеде жүрсенде зарықтыра,
О Дүниеде бәрібір жолықтырам!...[13, 254].

Жалпы, ақынның жалғыздығы – жетімдігінде, ана махаббатын сезіне алмауында екені осы өлеңде анық көрініс тапқан.

Туғанымнан жалғызбын деген ойын ақын «Кәрі бала» өлеңінде жеткізе білген. Бұл өлеңде өмірден түңілу сезімі әлдеқайда басым. Өгей әкесінен көрген қорлығын да айтып өтеді.

Күнде өтеді бір жетім тумай жатып есі өлген.
Қайыр сұрап шығады ол кәрі шалдық түр-өңмен

Әкесінен айырылып, анасынан жырақта өскен ақын балалық шақты көрмей, тез есейгенін жырлай отырып, жылулық іздеп, мейірімге қайыршы болғанын осы өлең шумақтарынан көреміз.

Тақияға ескірген соқыр теңге дөңгелеп
Түсе қалса,
Сырқаттан айығам деп ойлайды.
Қолындағы шыбықты аспап қылып ойнайды.
Кімді іздеп жүр бұл бала тым қатыгез әлемнен?...
Ұйытардай қаныңды ұйқасы жоқ өлеңмен.
Дерт меңдегін денесін,
Елес кезген санасын...
Қаптап жүрген кіл пенде қайырылмайды жаны ашып.
Бүгін де сол...
Күл-қоқыс

Өзіне күліп қараған адамдарды жалғыздығынан құтқарып, мейірім береді деген балалық ойын білдіріп, жанын жалаңаштаған, өзін қайғыға ұшыратқан жалғыздықтың емін іздеп, өзін қоршаған адамдардан жылулық күтеді. Бірақ, әлі күнге дейін шын жанашыр адамды таппағанын, мына әлемнің әлі күнге дейін өзгермегенін жырлаған.

Кәрі бала шыбықты аспап қылып жылады...

Құдайым-ау, шыбықтан сыбызғы үні шығады [10, 48].

Дәл осы шумақтарда өзінің ақын болып, ішіндегі дертін өлеңмен жырлағанын айтқандай. «Балапан» деген өлеңінде өзін балапанға теңеп, өз өмірінен сыр шерткен.

Сары ауыз болған балапан,
Шырқырап іздер енесін.
Жақ жүні қызыл ала таң,
Жауратар әбден денесін.

Өмірдегі үлкен сүйеніші анасын іздеп, жетімдіктің ызғарынан бейшаралана бастаған халін жеткізуде.

Күн-өктем ілезде бұрқаулы...

Балапан жатыр қорексіз.

Болды ма жемі сұңқардың,

Енесі кетті дерексіз.

Анасының перзент алдындағы борышын өтемегеніне ренінішін білдіріп, одан хат-хабар алмауының себебі өгей әкесі Қалаң екенін меңзеп, оны сұңқарға балайды.

Кең дүние

Жарылқай салса не етеді!...

Сезбеді тіпті өлімді,

Бергенде тағы таң қылаң,

Анасы болып көрінді

Ысылдап тұрған әбжылан... [10, 108]

Анасына деген өкпесі мен қоғамнан қайырымдылық көре алмауы, бар әлемге деген жек көрінішті оятқанын жырлай отырып, шарасыздықтан үміті өшіп, балалығын ұрлаған анасына кінә артып, жанын алған әбжылан есебінде көретінін жеткізген.

Осы өлеңдерді жазғанда ақын кеудесіндегі жүрегіне қалам ұстатқандай. Себебі, барлық өлеңдері жүректен шыққан. Ал жүректен шыққан өлең шумақтары әрдайым жүрекке жетеді. Жетімдік тауқыметін тартып, бар әлемге деген өкпе-ренішін, жүректегі дертін жалғыздығына арқау етіп, қазақ поэзиясына сол жалғыздық деген ұғымды жаңаша түсіндіре білді деп айтар едім.

Келесі кезекте жалғыздықтың емін махаббаттан іздеген ақын өлеңдеріне тоқталайық. Ақберен өзінің жарына да осы сарындағы өлеңдерді арнаған. «Сүйікті етші» өлеңіне назар аударайық:

Көгімді менің биіктетші,
Кеудеден кетсін күйік-мұң.
Мына әлемді сүйікті етші,
Сүйікті етші, сүйікті етші, сүйіктім.
Арманым болып орындалшы,
Түсіме айнал баянды.

Керек болса жанымды алшы,

Барымды алшы, барымды алшы, аяулым [13, 78].

Бұл өлеңде ақынның жеткізгісі келген ойы – маған өмірді сүйюді үйретіп, жан жарамды жазып, өмірімді баянды етіп, мені шын сүйіп, махаббатыңды арна дейді. Өзінің жан-жарасын емдеуді сұраған ақын бақыттың не екенін сезіндіріп, осынау бір жалғыздық шырмауынан шығаруды өз сүйіктісінен сұрауда. Пешенесіне жазылған тағдырында бір адамға болса да сүйікті болуды қалаған ақын махаббаттың жылуын сезуін үшін өз жанын да тәрк етуге дайын екенін аңғарамыз.

Осындай бір өлеңдерінің қатарына «Сұрамасынды» да қосуға болады.

Сені ешкімге бермеймін!
Сұрамасын!
Сұрамасын, жанымның мұнарасын!
Маған сені Тәңірдің өзі берген,
Пейіште періштелер жылағасын!
Мен сені көкте Күннен қызғанамын!
Сезіле ме жүректің мұздағаны? [10, 264].

Ешкімнен жылулық көрмеген ақын өзін махаббатқа бөлеген, дертінен айықтырған жан-жарын бар әлемнен қызғанып, кеудесін үрей билеген. Сол себепті Тәңірі берген жан емшісін ешкіммен де бөліспейтінін жеткізген. Осы өлеңдегі «пейіште періштелер жылағасын» шумағы туралы оқырмандар арасында көптеген пікірлер бар. Бәрінің көңілінде «қазақта мұндай тіркес бар ма?» деген сұрақ. Ақберен жастайынан тағдырынан таяқ жеп, жалғыздық күйін кешкендіктен, пейіште періштелер оның жанына серік сұрап жылаған.

Ақын жаңашылдығы да өзіне тән сөз тіркестерін қолдана білуінде. Осы ойды жеткізу үшін ақын осы тіркесті қолданған.

Жанына жұбаныш іздеген ақын жүрегінен шыққан «Түнгі құлазу» өлеңі.

Жүре бермей өмірдің көшіменен,
Есім кетіп, сүйді екем несіне мен?
Жұлдыздар да ендігі жұбатпайды,
...Ай жатыр шалқасынан есінеген,
Сезім мен шарасыздық айқайласып,
Тұрған кезде, қалайша жай табасың?
Жазшы жаным, жалқы сөз смс-пен:
«Сүйем» деген сөзіңді қайталашы...[12, 31].

Жүрегіндегі болып жатқан арпалыс сезімін жеткізеді. Ақынның қайғысын бөлісетін дүниелердің ішіндегі ең асылы сүйгені деген ой жеткізіледі.

Жалпы, ақынның жалғыздық туралы өлеңдерінің барлығы өз ішіндегі сырын, сезімін, жан-күйін терең жеткізе алған.

О.Бальзак әдебиетті өнер атаулының ең қиыны және күрделісі деп атаған. Әдебиет әлемінің адамзат үшін сан қырлы сыры бар. Қаламгерлер шабыт үстінде тылсым ғаламға еніп, кейде ұғынықсыз утопияларды шарлап, кейде көрген түстері арқылы қайран қалдырады. Яғни, фантазмагориясымен бейнені мүлдем басқаша қабылдап, көркем әдебиет тәсілі ретінде қиял әлемін іске қосады.

Психоанализмнің негізін салған З.Фрейд өнер туындылары мен түстердің арасында өте маңызды параллелизм бар екенін айтады. Сондай-ақ, оның пікірінше, әдебиет пен түс бір-бірімен трансференцияда тоғысады. Әдебиеттің психоаналитикалық теориясына сәйкес ақын-жазушылар шығармаларын түйсік, түс көру сияқты концепциялар негізінде жазады. Мысалы, Уильгельм Йенсеннің «Градива» атты еңбегі әдебиеттің психоаналитикалық теориясымен түсіндіріледі. [14, 209].

Түс теориясының маңызды тұжырымдамаларының бірі – конденсация. Конденсация, қысқаша айтқанда, жоруды қажет ететін жасырын түстегі бірнеше ой, жад және фэнтезидің біртұтас бейнеге шоғырлануы ретінде қарастырылады. Көптеген түйсік элементтері эго арқылы кескінге біріктіріліп, шешімі шетін, күрделі дүниеге айналады. Осыған байланысты психоаналитик-сыншы Элла Фримэн Шарп түс тетіктерінің қалыптасуы, олардың өнер туындыларымен ұқсастықтары жайлы зерттеулер жасаған.

Мәселен, «конденсация» процесі тек түсте ғана емес, барлық саналы және бейсаналы ақыл-ой қызметтерінде белсенділік танытады. Шарптың пікірінше, «интуитивті білім» белгілі бір өмірлік тәжірибені бейнелесе, ал түстер басқа бір тәжірибені бейнелейді. Бұл жердегі тәжірибе өткен оқиғаларға «сілтеме» жасаумен ғана шектелмейді, солармен қатар жүретін эмоционалды күйлер мен құшырлану тәжірибелеріне де негізделеді. Сонымен қатар, Шарп белгілі нәрсенің ішіндегі «белгісіз» нәрсені тұспалдап жеткізу үшін поэзия тілінің ерекшеліктерін пайдалану керек деп санайды.

Себебі, оның ойынша, әдеби сыншылардың жоғары деңгейдегі өлеңдерді талдау арқылы көрсеткен «поэзия тілі» ережелері мен Фрейд айтқан түстің туындауына байланысты принциптері сол бейсаналы қайнар көзден пайда болған және олардың арасында көптеген ортақ механизмдер бар. Бұл тұрғыда поэзия тілі көрнекі суреттеуді оқиғаларды түсіндіру үшін қолданады, ерекшеліктерді ортақтыққа әкеледі. Ақындардың көбінің жалғаулықтар мен есімдіктерден гөрі сын есімнің құрылымын таңдаулары да сондықтан болар. Қазіргі қазақ әдебиетінде де психоаналитикалық теорияға сүйене отырып талдауға болатын шығармалар кездеседі. Өкініштісі, осындай жаңа ізденістерге, тың реверилерге сын айтушылардың қарасы көп. Дегенмен, бұл – жаңашылдықтың жемісі. Сондай өнер туындыларының бірі – Ақберен Елгезектің «Фантасмагория» атты өлеңі. Ақынның бұл өлеңінде постмодернизмнің де, сюрреализмнің де табы байқалады.

«Шытырман түстер... ұлыған иттер дауысы

Қинайды мені, көз іле қалсам түн іші.

Ауаға тажал сурет сала береді

Сүп-сүйрік саусақ-қауырсын», – деп басталатын өлең жолдарында ақын болмыс мәселесін уақыт пен түстің осында бірде кеңістікті бейнелеу арқылы, бірде трагедиялық шеңберде абстракциялау арқылы жеткізеді [10].

Болмыстың мәнін іздеу оны поэтикалық эстетика орталығындағы түске бағыттайды. Шынайылықтан асып түсетін бұл түсінік шарасыздыққа әкеледі. Түнгі ұйқыға кеткендегі қорқыныш, үрей сияқты ұғымдар мазасыздықты туындатады. Фантасмагория

Шытырман түстер:

құтырған иттер күлкісі,

қосбасты аттар,

төрткөзді қырдың түлкісі...

Сапарға шықсам, қолыма ұстап басымды,

Еңкілдеп жылап, қабір қазады бір кісі[10]...

Ақынның «иттердің күлкісі», «қосбасты аттар», «төрткөзді түлкі» және «басын қолына ұстаған адам» секілді сюрреалистік элементтерді шебер пайдаланғанын байқаймыз. Фрейдистік ілім бойынша адам мінезіндегі ерекшеліктер мен өмірдің шынайы көрінісі адамның еркінен тыс жағдайларында ғана, яғни, ұйқы әлеміне енгенде толық ашылатынын алға тартуға негіз бар. Экзистенциализм бағытына сәйкес ақын өзінің әлемдегі орнын әрі сол әлеммен байланысын ішкі түйсігі арқылы түсіндіруге тырысады.

Шытырман түстер...

Бітпейтін зарлы жаңғырық...

Жүреді біреу аң қуып.

Құтырған қасқыр қаңғырып,

Жүреді маңды лаң қылып.

Еріккен біреу ішімнен

ұлиды-ай келіп!..

Әңгүдік[10]...

Автор сөзбен сурет сала отырып, шытырман түсі туралы айрықша символдық тілде сөйлейді. Жоғарыдағы жолдарда нақты шындық пен абстрактілі шындық бірге беріледі.

Шытырман түстер...

Аядай ғана бөлмемде менің дөңгелеп

Лаулайды Күнім... әңгелек...

Оятшы мені, телефон...

Өртеніп барам!..

Жан керек[10]!..

Ақын түйсігінің өзіне жаздырған өлеңі арқылы рухани катарсисті бастан кешіреді. Бұл өлеңдегі образдардың кешенді қабаттасуы, біртұтас бейненің бөлшек бейнеге айналуы оның қалыптан тыс сезім күйлерімен байланысты.

Бәрі өтірік боп шықса –
Хауа Анаң да,
Қабылың да...
Ең алғашқы Адамың да!
Жердің бетін күл қылатын,
Жарық Дүниемді түн қылатын
Ақырзаманың да.
Бәрі де өтірік боп шықса –
Жұмағың да,
Жұмақтағы ғажабың да,
Тозағың да,
Тозақтағы азабың да[10]!

Ақын бұл өлеңін Жаратылыс сырларына мүлде сенбейтін адамдарға қаратып айтып тұр. Алланың барына, Адам ата, Хауа Ана шынайы болған оқиғалар егер болмаса, ақырзаман, тозақ пен жұмақ өтірік жоқ болып шықса, біздің өмір сүргенімізбен не пайда деген тұжырымға келеді. Автор бұл өлең жолдарында қатты асыра сілтеушілікке кетпеу керек екенін ұғындырып тұр.

Сөйтіп жүргенімізде
«Жан дегенің – құпия құбылыс» деп,
Періште мен ібілістер,
Қылкөпірлік «жүгірістер»,
Күнәлар мен түңілістер –
Бәрі ақырында өтірік боп шықса!
Онда мені діншілдердің қатарынан шығарып,
Салып көрші жүрегіме бұғалық!
Өлгеннен соң бәрібір ғой,
Дінге мүлде бөлінбейтін,
Көзге мүлде көрінбейтін
Аруақтарға айналмаймыз ба, Құдай-ай,
Соны неге түсінбейді бұ халық[10]?!.

Ақын бұл өлеңінде тылсым сырлардың жұмбағын ашуға ұмтылады. Барлық адам түптің түбінде аруаққа айналатыны хақ. Мөлдір субстанцияға айналамыз, санамыз одан да ғаламат парасатқа ие болады. Бізде қазіргі мына Пендеауи өмірдегі, сезімдер, әсіресе, теріс сезімдер сияқты ешқайсысы болмайды. Автордың ойынша, ол жақта ондай бір үлкен сот болады деп ойламайды. Өйткені, адамның қияметі өле өлгенше өз арының алдында өтеді. Бәрі өтірік болып шықса, тіпті біздің айтып отырғанымыздың өзі өтірік болып шығуы мүмкін. Ол кезде жағдай қиын болуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақберен Елгезектің ішінде із түспеген, қарлы дала бар секілді, яғни сол із түспеген қарлы даланы өзінің шығармашылығы арқылы, соған шимайлап жол салған секілді. Өйткені оның барған тақырыптары да, оның ашқан көркемдік кеңістіктері де, оның қазақ өлеңіне алып келген жаңалықтары мен идеясы да қарлы даланы еске түсіреді.

Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесіндегі «жалғыздық» мәселесі автордың жалғыздығын ғана танытып қоймай, сол қоғамдағы ата-ана мейірімділігі мен қамқорлығынан айырылған қоғамдағы жетімдер тағдырын қаузады. Ал ақын поэзиясындағы «жалғыздық» сарынын екі аспектіде саралауға болатынын айқындадық. Оның бірі – қоғам экзистенциясынан жатсыну, адамның ішкі және сыртқы фактордың

нәтижесінен апатиялық жағдайға түсуі делінсе, екіншісі – сол жалғыздықтың орнын қоғамға, жақын жандарыңа деген максималды махаббатыңды, сүйіспеншілігіңді арттыру арқылы толықтыру көзделеді. Сондықтан да ақын Ақберен Елгезектің проза мен поэзиясында пессимизмнен гөрі оптимистік рух басым.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2006. – 486 б.
- 2 Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. – Алматы: Атамұра, 2015. – 310 б.
- 3 Брюнинг В. Философия антропология. – Екатеринбург: Деловая книга, 1997. – 253 б.
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 245 б.
- 5 Реана А.А. Психология человека от рождения до смерти. – Москва, 2002. – 314 с.
- 6 Нефедкина С. Личность//Вестник психологии. – Москва, 2021. – 3 с.
- 7 Гасанова П.Г, Омарова М.К. Психология человека. – Киев: Финансовая рада Украины, 2017. – 47-49 с.
- 8 Елгезек А. Болмаған балалық шақ. – Алматы: Жалын, 2020. – 139 б.
- 9 Власов М. Психология человека. Москва, 2012. – 211 с.
- 10 Кенжебай М.Сын шын болса...//Ақ желкен. – Алматы, 2013. – 3 б.
- 11 Елгезек А. Көлеңкелер күбірі. – Астана: Фолиант, 2009. – 108 б.
- 12 Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. – Астана. 2014. – 254 б.
- 13 Елгезек А. Ғаршы. – Астана, 2014. – 178 б.
- 14 Фрейд З. «Психоанализ» және «Либи́до теориясы». Гесаммте Верке XIII. 1923. – 209-331 бб.

REFERENCES

- 1 Orazbek M. (2006), *Avtor zhane zhygarmazhylyq process: Monografiya* [Author and creative process: Monograph]. – Almaty: Atamura (In Kazakh)
- 2 Piralieva G. (2015), *Izdenis ornekteri* [Search expressions]. – Almaty: Atamura (In Kazakh)
- 3 Bryning V. (1997), *Filosofiya antropologiya* [Philosophy anthropology]. – Ekaterinburg: Delovaya kniga (In Russian)
- 4 Qabdolov Z. (2007), *Soz oneri* [The art of words]. – Almaty: Category (In Kazakh)
- 5 Reana A.A. (2002), *Psihologiya cheloveka ot rozhdeniya do smerti* [Human psychology from birth to death]. – Moscow (In Russian)
- 6 Nefedkina S. (2021), *Lichnost* [Personality], *Vestnik psihologii* [Bulletin of psychology]. – Moscow (In Russian)
- 7 Gasanova P.G, Omarova M.K. (2017), *Psihologiya cheloveka* [Human psychology]. – Kyiv: Financial Rada of Ukraine (In Russian)
- 8 Elgezek A. (2020), *Bolmagan balalyq zhaq* [A childhood that didn't exist]. – Almaty: Jalyn (In Kazakh) (In Kazakh)
- 9 Vlasov M. (2012), *Psihologiya cheloveka* [Human psychology]. – Moscow (In Russian)
- 10 Kenzhebai M. (2013), *Syn zhyyn bolsyn* [If the criticism is true], *Aq zhelken* [White sail], Almaty (In Kazakh)
- 11 Elgezek A. (2009), *Kolenkeler kubiti* [Murmur of shadows]. – Astana: Foliant (In Kazakh)
- 12 Elgezek A. (2014), *Sheksizdik syrtyndagy sham* [A lamp beyond infinity]. – Astana (In Kazakh)
- 13 Elgezek A. (2014), *Garshy* [Space]. – Astana (In Kazakh)
- 14 Freud Z. (1923), *«Psihoanaliz» zhane «Libido teoriyasy»* [Psychoanalysis and Theory Libido]. – Gesammte Werke XIII (In Kazakh)

Материал 26.06.2023 баспаға түсті

Роль подтекста в описании категории одиночества (на основе произведения Акберена Елгезека)

Г.С.Бөкен

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается процесс развития экзистенциализма в казахской литературе. Выделены выводы зарубежных психологов Реана, У.Дженсена, которые согласуются с научными взглядами литературоведа Г.Пиралиевой на проблему одиночества в жанре поэзии и прозы. Рассматривая классификацию категории одиночества в психологической науке, анализируется авторское одиночество в рассказе поэта А. Елгезека «Детство, которого не было» путем цитирования конкретных фрагментов из произведения. Категория одиночества в стихах А.Елгезека рассматривается на материале стихотворений «Мама», «Риторикалық сұрақ», «Кәрі бала», «Сұрамасын», «Түнгі құлазу».

Ключевые слова: одиночество, экзистенциализм, авторская личность, язык поэзии, любовь

Материал поступил в редакцию журнала 26.06.2023

The role of subtext in describing the category of loneliness (based on the work of Akberen Elgezek)

G.S.Boken

Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the process of existentialism development in Kazakh literature. The article highlights the ideas of foreign psychologists Rean and W.Jensen, consistent with the scientific views of the literary critic G.Piralieva on the problem of loneliness in the genre of poetry and prose. Considering the classification of loneliness category in psychological science, the researchers analyze the author's loneliness in the story of A. Elgezek "The Childhood That didn't exist" by quoting specific fragments from the work. The category of loneliness in the poems of A. Elgezek is considered on the material of the poems "Mother", "Pathriotic issue", "Old boy" ("Кәрі бала"), "Don't ask" ("Сұрамасын"), "Nightfall" ("Түнгі құлазу").

Keywords: loneliness, existentialism, author's personality, language of poetry, love

Received: 26.06.2023

FTAMP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp61-70](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp61-70)

Г.Т. Тлеубердина¹, Қ.И. Тастемір², Б.С. Рахымов³, Г.Т.Батыргалиева⁴

¹ф.ғ.к., қауымд. профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000, Қазақстан Республикасы, orcid.org/0000-0002-0574-643X E-mail: gulentleuberdina@inbox.ru.

²магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: Issaevna01@mail.ru.

³ф.ғ.к, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

⁴п.ғ.м., №3 Шортанды орта мектебі, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-6674-5907> E-mail: gbatyrgaliyeva@gmail.com